

деп санады. Сол себепті де Б.Үсеновтің Желтоқсан тақырыбындағы өлеңдері - азаттықты, теңдікті аңсаған көп ғасырлық тарихы, дәстүрі бар өршіл поэзияның жаңа кезеңдегі көрінісі, тың парағы болды десек қателеспейтін шығармыз.

1. Тәжікенова Г. «Білгің келсе мен жайлы, жырымды оқы...» (Ақын Бауыржан Үсенов жайлы сыр) // «Ар-Ай», 2006, 26 желтоқсан.

2. Үсеннов Б.Маңдайыма жазған мәңгілігім: Өлеңдер мен поэмалар. –Астана: Елорда, 2001.- 256 б.

* * *

В статье рассматриваются художественные особенности произведения Б.Усенова, посвященного декабрьским событиям 1986 г.

* * *

This article observes the artistic peculiarities of B. Usenov's creative works devoted to December events of 1986

Наурызхан Ғазизұлы

ҚАЗАҚ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ (Моңғол қазақтары ақындарының поэмалары негізінде)

Қазақ поэзиясының һәм оның эпикалық жанры поэманың өз бастауын тым әріден, тылсым тереңнен, көз жеткісіз алыстан, ұзақтан тартатыны нақ. Оның бүгінгі күнге жеткен сарыны әнде жатса, сөзі өлеңде. Аталарымыздың есте жоқ ескі замандардағы ұстанған салт дәстүрлерінің, дүние танымының жұрнақтары мен жұғындары қазақтың көркем сөзінің көркіне айналып кетсе оған ешкім дау айта алмайды.

Ақатай Сәбетқазы «Мәдени игілік өзінен өзі нұр болып жауатыны бар. Оның әлеуметтік экономикалық және тарихи алғы шарттары бар. Әр құбылыстың шығу тегін аспаннан емес, «жерден» іздеу, сыртқы емес, ішкі себептеріне үнілу ғылыми әдістеменің өзекті принципі екені аян... қазақ халқының дүниетанымдық көзқарасы әлемдік ақыл ойдың даму арнасынан оқшау тұрған жоқ» [1,6] деген еді. Олай болса, «Мифологияны көне дәуір философиясы деп санасақ, халықтың пайымдық жүйесі осы мифология мен философия арасын жалғастырушы дәнекер. Мифологиялық дәуір қаншалықты созылмалы болғанымен өткінші. Оны танымның ақыл мен білімге негізделген «жаңа» дәуірі (рационалды ойлау, әлде «ақылдылық») жеңіп өрелі тұғырынан тайдырады. Мифологиялық мұрағаттар әпден дағдарысқа ұшырай бастаған сәтте ұлттық ой өрнегінің айшығына, бояуы мен көркемдік айшығына айналып кетеді». [1,6] Ғалымның бұл пікірімен әбден келісуге болады. Мұндай үдеріс қазірде тоқтаусыз жалғасып отыр. Бұл ғалым айтқандай «жаңа» мен «ескі» ұзақ дәуір үзеңгілес отыратын», көпке жалғасатын процесс болса керек. Оның мысалын осы

заманның кез келген көркем шығармасынан, соның ішінде өлеңмен жазылған туындылардан көруге болады. «Бұлғын деген Бай Өлгейдің басындағы үкісі» [2].

Д.Қалаубайұлының «Келін» поэмасында[3]:

Той дегенде ұят ау қызынбаған,
(Беретіндей сол ауыл қызын маған).
Кіріп барсам оң жақта бір бүлдіршін,
Үлбірейді қаймағы бұзылмаған.

Қолан шашы көмірдің қарасындай,
Бір көргенде ақ ғашық боп қалатындай.
Жәудірейді мөлдіреп қой көздері,
Қолға түскен үкінің баласындай.

Осындағы «үкі» мифологиялық заманда киелі «қорғаушы», «сақшы рөлін атқарса, қазіргі түсінікпен қарағанда әсемдік белгісі, әдемілік құралы, сұлулық сипатын анықтайтын әшекей. Сипаттауға алынып отырған субъектінің көркемдігін басқадан ерекшелеп, айшықтап, ашып көрсететін салыстырмалық көркемдік зат. Мұндағы асты сызылған сөздер мен сөз тіркестері дәстүрлік жалғастық. Сонымен қатар бұрынғы заманда көркемдік қасиетімен қатар үкінің қазіргі тілмен айтқанда «сырға тағу» сияқты салт орнына жүргенін де ақындар поэмасынан байқаймыз. К.Илиясұлының «Келіншек» поэмасынан:

Сол жолы үкі тағып екі қызға,
Еліне қайтып кетті Есендәулет [4,17].

Қазіргі жас оқырман, реалистік ұғыммен түсіне қоймауы мүмкін. Ақынның мұндай қолданысын ескіліктің көрінісі, эстетикалық

талғаның тарлығы, эстетикалық түсініктің таяздығы деп түсінуге әсте болмайтын сияқты. Керісінше мифологиялық пайымдаулар кезеңіндегі мұрағат жәдігерлерінің көрем әдебиет түрлерінде көптеп орын алғаны ұлтық, байырғы ойлау жүйесінің қалпын бұзбаған тұнықтығы, «текті принциптердің» жаластығы деп сараласақ шындыққа әлде қайда жақын келеміз.

Ескі аңыз, ертегілерде жиі кездесетін халықтық дәстүр салттың бірі түс көру, оны жору, сол арқылы адамдар өздерінің болашағын болжап, келешегіне үміт артады. Біз егде жәдігерлер арқылы ерте заманда адам рух қуатының ерекше дамығанын білеміз. Соның бір көрінісі сәуегейлік пен көріпкелдік. Поэма жанрында көрініс беретін түс жору, құмалақ салу, жауырынмен бал ашу, мифтік аңыздар соның жалғасып жатқан сарқыны болса керек.

Сәуегейлік, көріпкелдік қазақ баласына тән құбылыс болып көрінеді. Ол ақындар шығармаларынан да кең орын алған. Ақтан Бабиұлының «Бүркіт» поэмасында «Ақиық» атты құсын аңға алып шығар алдында Жекейге жары Жанботаның айтқаны:

Оқтын оқтын шақырып,
Отырмайды шырылдап.
Қыраныңнан жүрегім,
Қорқып тұр зуылдап.
Айналайын Жекейім,
Артық айтып не дейін.
Аттанба бүгін ешқайда,
Аяулым сенен тілеймін

деген «Ботаның қылығына Жекей күліп, // Сөз мәнісін әзілге айналдырып» кете барады. «Бота карап артында тұрып қалады, Боларын бір сұмдықтың біліп қалады»[5] болмаса қасына дабылшы ертіп алмадың ба дейді. Бірақ та жарының сөзін құлағына ілмеген Жекей аңға жалғыз кетеді. Ал Ақбөрідей ілбіске түскен бүркітті қатты өшігіп, сыр бермей, сырттан бағып жүретін Қасқарбай деген жәдігөй атып салады.

Бұл жерде біз құс «Ақиықтың» тағдыры Ілияс Жансүгіровтың жазған Ақанның «Құлагерімен» тағдырлас екенін көреміз. Тіпті ақынның жырлауында да ұқсастық сезіледі.

Құшақтап ақиықты жатыр жылап,
Адам жоқ уататын алда-сулап.
Бір мезет иығына қол қояды,
Көрмек боп не болса да өмірді ұрлап.

Ал «Құлагерде» жығылған аттың басына жеткен Ақан:

Көргенде ол мынадай сұмдық істі,
Үстіне Құлагердің құлап түсті.

Білмеді не болғанын, айырылды естен,
Аймалап Құлагердің басын құшты [6].

Екі поэмадағы трагедиялар тоғысы осылай бір бірімен үндесіп, сабақтасып жатады.

Моңғолиядағы көп қырлы қаламгердің бірі Шынай Рахметұлы. Оның талантынан прозалық және поэзиялық көптеген белгілі шығармалар туындаған даңқты журналист һәм публицист. Рахметұлының шығармаларымен еліміз оқырмандарын Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспасы «Қайқая шапқан қарагер» атты өлеңдер жинағымен таныстыруы аса құптарлық. Бұл тарапта біз Ш.Рахметұлының «Иман» атты дастанынан дәйектер келтірмекпіз. Жалпы бұл поэма жабық тақырып болып келген өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы репрецияға арналған қайғылы қасыретнама. Поэманың көркемдігі көңіл сергітер, оқиғасы шымыр, баяндалу бапты, кесек туынды. Сонда жайма шуақ ел қатарлы тіршілігін бастаған Иман мен Алтынайдың шаңырағы қалай шайқаларын алдын ала келіннің түс көріп, оны атасына жорытуы арқылы көрсетеді.

- Не болар екен ата, осы заман,
Ит көрдім қашқан аңға арсылдаған.
Барады қырка-қарқа қырдан асып,
Оқ тиіп аяғына шошыған аң.

- Қасқыр ма, деді, балам, қоңыр аң ба?
Жыртқыш болса бар қырсық арылар да.
- Ақсаңдай аласұрған арақар, деймін,
Зәре жоқ қансыраған жануарда.

- Япырай, әттегене, бәрекелді...
Жаратқан тағы қандай пәле әкелді?!

деген қария сөз соңын аяқтай алмай қалады. Әрине, оқушыға тірліктің ары қарайғы тағдыры енді белгілі болады. Оны автор да жасырмайды. «Көңілге түсіп қаяу, көзге кірбің // Бұзылды бұрынғы күй мерекелі» дейді. Алтынай келін түс көріп, оны атасы жору арқылы ертеңгі күндерінің қасыретін бір үйлі жан осылай көріп, біліп болжайды. Елге еркек кіндіктіні түгелге жуық жалмаған репреция келеді.

Тұтқын боп отыр төрде ылғи жуан,
Окиды біреуі жыр, бірі құран.
Бас қосқан руымен бай мен кедей,
Мүлгиді кей түкпірде бір үйлі жан.

Поэма азапты жылдардың ақиқатын, абақтының ащы сұмдығын аша білген.

Қазатың лиро-эпостық дәстүрлі жыр-дастан үлгілерін заманына сай байытып, кемелдендіре жырлаған жаңа заман ақындары. Академик Рымғали Нұрғали осы тарапта «Қазақ әде-

биетінің алтын ғасыры» атты зерттеу еңбегінде халықтық сюжетті, бұрыннан бар белгілі сарындарды, фольклорлық идеяларды жаңа заман тілегіне қарай суреткерлікпен өзгерте пайдалану реализм поэтикасына жат емес екенін атайды [7].

Халықтық дәстүр, бұрынғы батырлар жырларының желісіне ауытқымау, әсіресе өткен замандардағы тарихи оқиғалар мен «ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен» ел мен жерін қорғаған батырларын жырлауда көрініс береді.

Эпикалық шығараларды жазуда Моңғолия және Шыңжан қазақтары ақындары арасындағы бір ұқсастық екеуі де поэзияның жаңа түрлерімен қатар дәстүрлік жалғастықты жақсы сақтап отырғандығынан байқалады.

1. Сәбетқазы. А. Рухани әлемнің қаусар бұлағы. //Қаз. әдебиеті. 6-7бет. №45, 2008 ж.

2. Бәмішұлы.Б. Мәңгі көк аспан астында. Өлеңдер. –Алматы, сақшы, 1998.–160б.

3. Қалаубайұлы.Д. «Келін». Өлгий, //Шұғыла, 57-бет, №I, 1990ж.

4. Ілиясұлы К. «Қос келіншек». Өлгий, //Шұғыла, 12-29 беттер, №4, 1989ж.

5. Бабиұлы Ақтан. Шығармалары.Өлгий, 1987.-634б.

6. Жансүгіров. І. Шығармалары. –Алматы, Жазушы, 1998ж.

7. Нұрғали.Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры.– Алматы: Күлтегін, 2002.—528 б.

* * *

В данной статье анализируются художественные особенности поэм акынов Баян-Ульгейского аймака Монголии. Основное внимание обращается на сохранение народных, фольклорных и поэтических традиций в поэмах и продолжение их существования в произведениях современных поэтов.

Гезалова Наргиз Джафар к.

ПАМФЛЕТ КАК ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ЖАНР

Несмотря на то, что памфлет в качестве самостоятельного художественно-сатирического и политико-идеологического жанра, а также как органическое составляющее других литературных жанров возник фактически в эпоху Возрождения в национальных литературах Европы, он считался и считается преимущественно английским феноменом: это связано в первую очередь с тем, что памфлет достиг своих классических форм в английской художественной мысли в туманном Альбионе XVIII века в творчестве ранних английских писателей-просветителей.

Как обычно, в научно-теоретической литературе выделяется два вида рассматриваемого жанра: 1)памфлет как чистый публицистический жанр, 2)памфлет как художественный жанр. Нужно отметить, что такое деление во многом условно, ибо в так называемом «художественном памфлете» очень естественны и сильны публицистическое начало и историческая конкретность. Однако, следует отметить, что степень и доля публицистичности и художественности в различных образцах данного жанра могут варьироваться. Очень часто для творца памфлета имеет очень большое значение своевременный отклик на какое-либо актуальное событие. В таком случае автор стремится к

максимальной мобильности; для него важно быстрое и своевременное реагирование на то или иное событие или явление общественной жизни. Тогда автору не до художественного совершенства памфлета. В других случаях для памфлетиста гораздо важнее проникновение в суть того или иного явления, глобальный охват общественной проблематики. Такое отношение к описываемому событию вынуждают автора выйти за рамки конкретных событий во времени и в пространстве и такой подход неизбежно повышает уровень художественного обобщения.

Однако как бы резко не расходились так называемые «публицистская» и «художественная» разновидности памфлета, между ними всегда гораздо больше общих черт, чем различий; различные образцы жанра создают одно общее и своеобразное художественно-публицистическое пространство, в котором находят свое отражение наиболее жгучие и актуальные проблемы современности.

Действительно, конкретный анализ образцов данного жанра в историческом контексте доказывает, что потребность в создании памфлета возникает тогда, когда то или иное общественно-значимое событие глубоко «задевает» художника-публициста и он по определенным социальным и личным причинам не